

Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасына 1994 жылға берген мемлекеттік кредитін қайта бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 30 қыркүйек 1994 ж. N 1082

Ресей Федерациясынан 1992-1993 жылдары берілген ауыл шаруашылығы техникасы үшін "Кең дала" мемлекеттік акционерлік компаниясының берешегін өтеу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

"Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасына 1994 жылға берген мемлекеттік кредитін пайдалану және қызмет көрсету туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 9 сәуірдегі N 360 қаулысымен бекітілген "Медтехника" республикалық өндірістік бірлестігінің квоталарын 0,6588 миллиард ресей рубліне және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің (Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі) квоталарын 3 миллиард ресей рубліне кеміту есебінен Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасына 1994 жылға берген мемлекеттік кредитінің 3,6588 миллиард ресей рубліне квотасы "Кең дала" мемлекеттік акционерлік компаниясына қосымша бөлінсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы кредит квоталарының Ақмола, Ақтөбе, Жамбыл, Қызылорда, Көкшетау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Талдықорған және Торғай облыстары әкімдерінің кепілдігімен пайдаланылуы үшін "Кең дала" мемлекеттік акционерлік компаниясымен кредиттік шарт жасассын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі